

Funded
by the European Union



COUNCIL OF EUROPE



Implemented
by the Council of Europe

2016 ж. 28 қазан

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Астана мен Алматыда бас бостандығынан айырылған тұлғалармен сұхбаттасу әдістемесі бойынша тренингтер өткізілді

АСТАНА – 24-25 қазан аралығында Астана қаласында және 27-28 қазанда Алматы қаласында Ұлттық алдын алу тетігінің (ҰАТ) қатысушылары және Қазақстан Республикасында адам құқықтары жөніндегі Уәкіл офисінің қызметкерлері үшін бас бостандығынан айыру орындарына бару және бас бостандығынан айырылған тұлғалармен сұхбаттасу әдістемесі бойынша екі күндік тренинг семинарлары өткізілді.

Тренингке қатысушылар сұхбат жүргізу ерекшеліктерімен, әр түрлі мекемелердің қағидасы ақпараттандырылған келісім және сұхбат кезінде қорғау және қауіпсіздік мәселелерімен танысты.

Аталған іс-шара “Қазақстанда әділсот жүйесінің сапасын және тиімділігін жақсартуда қазақстандық билікті қолдау” атты Еуропалық Одақ және Еуропа Кеңесінің бірлескен жобасы аясында ҰАТ қатысушылары үшін үшінші болып табылады.

Еуропалық Одақ және Еуропа Кеңесінің бірлескен бағдарламасының негізгі мақсаты Қазақстанның қылмыстық сот өндірісі мен ұйымдастырушылық тәжірибесінің құрылымын еуропалық және халықаралық стандарттары мен ел билігінің әділсот өндірісі жүйесін жақсарту әрекетін қолдау жолындағы әдістеріне сәйкестендіруге бағытталған. Оны іске асыру барысында соттар, прокурорлар, тергеушілер, адвокаттар, омбудсмен институтының, Ұлттық превентивтік механизмі және басқа да қылмыстық әділсот өндірісі жүйесі қатысушыларының институциялық дамуларына қолғабыс ету, әрі адам құқығы стандарттарына сәйкес функцияларын орындауды қамтамасыз ету үшін әлеуетін дамыту бойынша шаралар жүргізілетін болады.

Жоба Еуропалық Одақпен 1,666,413 еуро көлемінде қаржыландырылуда.

Қосымша ақпарат үшін жобаның Ұлттық консультанты Адиля Түгел email: adilya.tugel@coe.int, немесе Қазақстандағы Еуропалық Одақ Өкілдігінің Баспасөз және ақпарат бойынша үйлестірушісі Эльнара Байназароваға тел: +(7172)97-45-67, email: elnara.bainazarova@eeas.europa.eu хабарласуыңызды өтінеміз.